

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2025 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 21/2 шешімі

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38-бабы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 569-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 болып тіркелген) негізінде, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2025 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихатының
2025 жылғы 30 қаңтардағы
№ 21/2 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2025 жылға арналған жерүсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Өзен, көл, теңіз бассейндері	Арнайы су пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	Есіл өзенінің бассейні	Тұрмыстық-пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	220,83
2		Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса алғанда	теңге/1000 текше метр	611,80
3		Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	173,77

4	Су көздерінен су тартуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	173,77
5	Гидроэнергетика	теңге/1000 киловатт /сағат	61,54
6	Су көлігі	теңге/1000 көліктік километр	18,10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК